

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 24 ақпандағы N 80 "Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы экономикасының нақты секторы салаларын бюджеттік несиелендіру мәселелері" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі N 118 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 21 мамырда N 3010 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 299 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 30.09.2016 № 299 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы экономикасының нақты секторы салаларын бюджеттік несиелендіру мәселелері" туралы 2005 жылғы 24 ақпандағы N 80 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2902 тіркелген, 2005 жылғы 5 сәуірдегі "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) қаулысына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1) аталған қаулының және осы қаулымен бекітілген "Батыс Қазақстан облысы экономикасының нақты секторы салаларын қолдауға және дамытуға жергілікті бюджет қаржысы есебінен несиелендірудің Ережесі" кіріспелерінде " Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы ережесін бекіту туралы " 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына" деген сөздер мен сандар сәйкесінше "Бюджеттердің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына" деген сөздер және сандармен ауыстырылсын.

Ескерту. 1-тармақшаға өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2009.05.26 N 148 Қаулысымен.

2) аталған қаулымен бекітілген Батыс Қазақстан облысы жергілікті атқарушы органының бюджеттік несиелендіру беруінің басым бағыттарының тізбесінен " өнеркәсіпті дамыту" 2-ші бағамы алынып тасталсын.

3) қаулының 4 тармағындағы "А. Ш. Хамитовке" деген сөз сәйкесінше "Н. А. Ноғаевқа" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қолданыстағы заңнамаларға сәйкес:

1) тиісті қаржыларды одан әрі мақсатты және тиімді пайдалануды жалғастырсын;

2) осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды алсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі